

**"2011 – 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 шілдедегі № 871 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2011 – 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

13-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көші-қон полициясының қосымша штат санын ұстауға, материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер с о м а с ы н б ө л у ; » ;

мынадай мазмұндағы 13-2-тармақпен толықтырылсын:

«13-2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету жүзеге асырылсын.»;

көрсетілген қаулыға 26-қосымшада:

003 «Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі» деген функционалдық топта:

201 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі» деген әкімші бойынша:

033 бюджеттік бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

«033 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көші-қон полициясының қосымша штат санын ұстауға, материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер 1 5 2 7 6 7 » ;

көрсетілген қаулыға 27-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н ;

осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес 32-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011 жылғы

28

шілдедегі

№ 871

қаулысына

1-қосымша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2010 жылғы

13

желтоқсандағы

№ 1350

қаулысына

27-қосымша

**Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көші-қон полициясының қосымша штат санын ұстауға, материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу**

Р/с №	Облыстардың атауы	Сомасы, мың теңге
	<b>Барлығы:</b>	<b>449 421</b>
1.	Ақмола облысы	33 502
2.	Ақтөбе облысы	22 742
3.	Алматы облысы	32 302
4.	Атырау облысы	14 686
5.	Шығыс Қазақстан облысы	45 546
6.	Жамбыл облысы	23 572
7.	Батыс Қазақстан облысы	16 772
8.	Қарағанды облысы	46 933
9.	Қостанай облысы	28 192
10.	Қызылорда облысы	21 870
11.	Маңғыстау облысы	22 398
12.	Павлодар облысы	19 603
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	17 818
14.	Оңтүстік Қазақстан облысы	51 207
15.	Алматы қаласы	31 254
16.	Астана қаласы	21 024

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011 жылғы

28

шілдедегі

№ 8 7 1 қ а у л ы с ы н а  
 2-қосымша  
 Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 2010 жылғы 13 желтоқсандағы  
 № 1350 қ а у л ы с ы н а  
 32-қосымша

## 2011 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету

МЫҢ ТЕҢГЕ

ФТ	Әкімші	Бағдарлама	Атауы	Өзгерістер (+, -)
			<b>II. Шығындар</b>	<b>0</b>
<b>003</b>			<b>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі</b>	<b>0</b>
	<b>201</b>		<b>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі</b>	<b>6 744 124</b>
		001	Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын ұйымдастыру және айқындау жөніндегі қызметтер	47 381
		015	Жеке куәлік құжаттарын дайындау	6 400 089
		033	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көші-қон полициясының қосымша штат санын ұстауға, материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	296 654
	<b>221</b>		<b>Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі</b>	<b>- 6 744 124</b>
		001	Мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету	- 332 689
		015	Жеке куәлік құжаттарын дайындау	- 6 400 089
		022	Әділет органдарының күрделі шығыстары	- 11 346

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК